9. Статистикалық нысанға қосымшаны толтыру есепті тоқсанның соңғы айының (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан) 15 күнінде бөгде ұйымдар көрсетілген ауылшаруашылық өндіруші сатып алған немесе өзге тарапқа ауылшаруашылық өндіруші өзі көрсеткен қызметтер жүргізіледі.

Егер есепті тоқсан ішінде сол бір көрсетілетін қызмет түрі бірнеше рет сатып алынса, онда көрсетілген қызметтің орташа бағасы есептеледі. Сатып алынған көрсетілген қызметтердің бағалары оларды орындау кезінде пайдаланылған материалдардың құнын ескерусіз тіркеледі. Көрсетілген қызметті бағалау дәрілік препараттың құнына байланысты болған жағдайда ветеринарлық қызметтер есепке алынбайды.

Наурызда 1 және 2-бағандар толтырылады. 2-бағанда алдыңғы жылдағы соңғы сатып алынған көрсетілген қызметтің бағасы қойылады. 1-бағанда (есепті тоқсандағы баға) келесі тоқсандарда сатып алынған көрсетілген қызмет фактісі болмаған жағдайда "0" (қызмет көрсету жоқ) саны жазылады.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жалға беру бойынша көрсетілетін қызметтер (коды 77.31.10.100) есепті тоқсанда жалға берілген техникаға төлеуге жұмсалған шығындарды көрсетеді. Тракторлар мен комбайндарды жалға алу қызметінің (28.30.2 және 28.30.59.100 кодтары) бағасы бір гектарға шаққандағы, ал жүк автомобильдері қызметінің (коды 29.10.4) бағасы бір километр арақашықтыққа көшірілетін жүктің бір тоннасына шаққандағы есеппен көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы жабдықтарын жалға беру бойынша көрсетілетін қызметтер (коды 77.31.10.200) тоқсанның бір айындағы жабдықтың бір бірлігіне шаққандағы жалға берілген жабдыққа төлеуге жұмсалған шығындарды көрсетеді.

Үй малына арналған ветеринариялық қызметтер (коды 75.00.12) бір мал басына шаққандағы қызметтердің: малды тексеріп-қарау немесе вакцинациялау (мысалы, туберкулезден, бруцеллезден) бойынша бір түрі қойылады.

Қызметтердің жиынтықсыздығына байланысты өте төмен немесе жоғары бағамен сатып алынған көрсетілген қызметтердің бағалары тіркелмейді.

10. 2-бөлімнің және статистикалық нысанға қосымшаның 3-бағаны баға өзгерген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Интернет-ресурсында орналастырылған немесе респонденттерге статистика органдарымен ұсынылатын Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығына сәйкес міндетті түрде толтырылады. Әрбір өкіл тауар (қызмет) бойынша бір немесе бірнеше себеп көрсетілуі мүмкін. "Басқа да себептер" кодын таңдаған жағдайда 3-бағанда Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығына енгізілмеген себеп жазылады.

11. Өнімнің (өкіл тауарлардың) өлшем бірлігіне бағасы бүтін сандармен, сатып алынған көрсетілген қызметтерге үтірден кейін екі таңбамен келтіріледі.

12. Респондентте есепті кезеңде осы статистикалық нысан бойынша деректер болмаған жағдайда респондент ағымдағы кезеңнің аяқталатын күнінен кешіктірмей нөлдік көрсеткіштермен статистикалық нысанды (дерексіз нысан) ұсынады.

13. Осы статистикалық нысанды тапсыру электронды форматта немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Комитеттің Интернет-ресурсында([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналасқан "Деректерді on-line режимінде жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ескертпе: X - бұл айқындама толтыруға жатпайды.

14. Арифметикалық-логикалық бақылау:

2-бөлім. "Ауылшаруашылық өніміне баға":

1) егер есепті айда 1-баған айқындама бойынша толтырылған болса, онда "B" бағаны толтырылады;

2) есепті жылғы қаңтарда 2 және "B" бағандарын толтыру міндетті болып табылады.

3-бөлім. "Өткізілген өнімнің құны":

1) егер есепті айда 3-бөлімде көрсетілген өнім түрлері бойынша баға 2-бөлімнің 1-бағанында қойылған болса, онда келесі айда 3-бөлімді өнімдердің ұқсас түрлері бойынша толтыру міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 137 бұйрығына

33-қосымша

Приложение 33 к приказу

Председателя Комитета по статистике


Министерства национальной экономики

Республики Казахстан

от 8 сентября 2015 года

№ 137

**Ескерту. 33-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 29.11.2016 № 281 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

	<b>Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді</b> Confidentiality is guaranteed by the organs of state statistics				
	<b>Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны</b> Statistical form of general state statistical observation				
<b>Аумақтық статистика органына тапсырылады</b> Представляется территориальному органу статистики	<b>Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін)</b> Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное)				
<b>Статистикалық нысанды</b> <a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a> <b>сайтынан алуға</b> <b>болады</b>	<b>1 сағатқа дейін</b>				<b>40</b>
	до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40



## Ескертпе

### Примечание

**<sup>1</sup> А, Б, В бағандары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Интернет–ресурсындағы (бұдан әрі – Интернет-ресурс) " Респонденттерге" бөлімінде орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Тауарлар, өнімдердің тізбесінің 10-таңбалы кодтарына сәйкес толтырылады**

<sup>1</sup> Графы А, Б, В заполняются в соответствии с 10-ти значными кодами Перечня товаров, продукции, размещенного в разделе "Для респондентов" на Интернет–ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан (далее – Интернет-ресурс) или предоставляемого респондентам органами статистики

**<sup>2</sup> 1-баған Интернет-ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Елдер тізбесіне сәйкес толтырылады**

<sup>2</sup> Графа 1 заполняется в соответствии с Перечнем стран, размещенном на Интернет-ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

**<sup>3</sup> 2-бағанға жеткізу шарттарының коды Интернет-ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Жеткізу шарттарының жіктеуішіне сәйкес қойылады**

<sup>3</sup> В графе 2 проставляется код условия поставки в соответствии с Классификатором условий поставок, размещенном на Интернет-ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

**<sup>4</sup> 3-баған Интернет-ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Валюталар мен қорлар жіктеуішіне сәйкес толтырылады**

<sup>4</sup> Графа 3 заполняется в соответствии с Классификатором валют и фондов, размещенном на Интернет-ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

**<sup>5</sup> 5-баған есепті жылғы қаңтардағы есепте ғана толтырылады**

<sup>5</sup> Графа 5 заполняется только в отчете за январь отчетного года

**<sup>6</sup> 6-баған Интернет–ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығына сәйкес толтырылады**

<sup>6</sup> Графа 6 заполняется в соответствии со Справочником причин изменения цены, размещенном на Интернет–ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

			Өкіл тауар сипаттамасы				Экспорттық жеткізілімдер
--	--	--	------------------------	--	--	--	--------------------------



## Ескертпе

### Примечание

<sup>7</sup> **А, Б, В бағандары Интернет–ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Тауарлар, өнімдердің тізбесінің 10-таңбалы кодтарына сәйкес толтырылады**

<sup>7</sup> Графы А, Б, В заполняются в соответствии с 10-ти значными кодами Перечня товаров, продукции, размещенного на Интернет–ресурсе или предоставляемого респондентам органами статистики

<sup>8</sup> **1-баған Интернет-ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Елдер тізбесіне сәйкес толтырылады**

<sup>8</sup> Графа 1 заполняется в соответствии с Перечнем стран, размещенном на Интернет-ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

<sup>9</sup> **2-бағанға жеткізу шарттарының коды Интернет-ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Жеткізу шарттарының жіктеуішіне сәйкес қойылады**

<sup>9</sup> В графе 2 проставляется код условия поставки в соответствии с Классификатором условий поставок, размещенном на Интернет-ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

<sup>10</sup> **3-баған Интернет-ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Валюталар мен қорлар жіктеуішіне сәйкес толтырылады**

<sup>10</sup> Графа 3 заполняется в соответствии с Классификатором валют и фондов, размещенном на Интернет-ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

<sup>11</sup> **5-баған есепті жылғы қаңтардағы есепте ғана толтырылады**

<sup>11</sup> Графа 5 заполняется только в отчете за январь отчетного года

<sup>12</sup> **6-баған Интернет–ресурста орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығына сәйкес толтырылады**

<sup>12</sup> Графа 6 заполняется в соответствии со Справочником причин изменения цены, размещенном на Интернет–ресурсе или предоставляемым респондентам органами статистики

			Өкіл тауар сипаттамасы				Импорттық тү
			Характеристика				Импортные
			товара-представителя	Шығар-ған (жөнелтуші) елі			поступления
				8			



Тауардың, өнімнің атауы Наименование товара, продукции	Өлшем бірлігі Единица измерения	Тауар, өнім коды <sup>7</sup> Код товара , продук ции <sup>7</sup>	р/ с № № п/ п	түрі, таңбасы, моделі, салмағы, орама типі, басқалар вид, марка, модель, вес, тип упаковки, другие	Страна происхождения (отправления) <sup>8</sup>	Жеткізу шартта-рының коды <sup>9</sup> Код условия поставки <sup>9</sup>	Мәміле валю-тасы 10 Валюта сделки <sup>10</sup>	есепті айдағы баға цена отчетного месяца	со ай түс бағ цен пос пос 11
А	Б	В	Г	Д	1	2	3	4	5

### Қажет болған жағдайда қосымша беттерде жалғастырыңыз

При необходимости продолжите на дополнительных листах

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_  
Наименование \_\_\_\_\_ Адрес \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы  
(респонденттің) \_\_\_\_\_  
Адрес электронной почты ( \_\_\_\_\_  
респондента) \_\_\_\_\_  
Телефон \_\_\_\_\_

Алғашқы деректерді жариялауға  
келісеміз<sup>14</sup>  Алғашқы деректерді жариялауға  
келіспейміз<sup>14</sup>   
Согласны на опубликование  
первичных данных<sup>14</sup> Не согласны на опубликование  
первичных данных<sup>14</sup>

Орындаушы \_\_\_\_\_  
Исполнитель \_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
\_\_\_\_\_ фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_  
Руководитель \_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
\_\_\_\_\_ фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ КОЛЫ  
\_\_\_\_\_ подпись \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Место для печати (при наличии)

### **Ескертпе**

Прмечание

<sup>14</sup> **Аталған тармақ Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады**

<sup>14</sup> Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті төрағасының  
2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 137 бұйрығына  
34-қосымша

**"Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдері мен импорттық түсімдерінің бағасы туралы есеп" (коды 261101007, индексі 1-Ц (экспорт, импорт), кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. 34-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 29.11.2016 № 281 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы "Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдері мен импорттық түсімдерінің бағасы туралы есеп" (коды 261101007, индексі 1-Ц (экспорт, импорт), кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдері мен импорттық түсімдерінің бағасы туралы есеп" (коды 261101007, индексі 1-Ц (экспорт, импорт), кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) өкіл тауар – тауар тобындағы тауардың сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиетіне әсер етпейтін және тұтынушылық белгісі бойынша болмашы өзгешелігімен (бөлшектермен) ерекшеленетін белгілі тауар түрлерінің жиынтығы ;

2) тауардың межелі елі – тауар тұтынылатын, пайдаланылатын немесе қайта өңдеуге ұшырайтын ел;

3) тауарды жөнелту елі – тауарды халықаралық тасымалдау басталған, көлік ( тасымалдау) құжаттарында мәліметтер көрсетілген ел;

4) тауардың шығарылған елі – тауар толық өндірілген немесе кеден заңнамасымен айқындалған критерийлер немесе тәртіпке сәйкес жеткілікті қайта өңдеуге ұшыраған ел;

5) тауар сипаттамасы – баға тіркеу үшін іріктелген жеке тауарды, өнімді сәйкестендіру үшін ерекшелеу қасиеті, ерекшелігі;

б) экспорттық жеткізілімдер, импорттық түсімдер бағасы – өзінің құнын және Қазақстан Республикасының шекарасына дейінгі тасымалдау, жүкті сақтандыру және жеткізу шарттарына байланысты басқа шығыстарды қамтитын, бірақ кедендік бажды есепке алмағандағы тауар бағасы.

3. 1-бөлімде – тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдерінің, 2-бөлімде тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдерінің бағасы туралы деректер толтырылады.

А, Б, В бағандарында Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) Сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы негізінде әзірленген Тауарлар, өнімдер түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес атауы, өлшем бірлігі және коды көрсетіледі.

4. Тізбенің 6 мәнді коды бойынша экспорттық жеткізілімдер, импорттық түсімдер бағасының өзгеруін байқау үшін экспорттың, импорттың әртүрлі бағытын (елді) көрсететін және солар бойынша тұрақты мәмілелерді жүзеге асыру жоспарланатын бірнеше едәуір көрнекті 10 мәнді айқындама (ассортиментке байланысты 3-5) таңдалады.

Тізбенің 110319 "Жарма және өзге де дақылдардың дәнінен ірі тартылған ұн" 6 мәнді кодына 10 мәнді сегіз айқындама кіреді, одан едәуір көрнекті 3 айқындама іріктеп алынады – қара бидайдан, экспорт және (немесе) импорт елі Ресей, Беларусь; арпадан – Беларусь; сұлыдан – Өзбекстан, Қырғызстан, Иран.

Іріктелген 10 мәнді айқындамалар бойынша бағаларға байқау есепті жыл ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде іріктелген айқындамалар бойынша бағаларды тіркеу мүмкін болмаған кезінде басқа 10 мәнді айқындамаларды қосуға (ауыстыруға) болады.

Әрбір іріктелген 10 мәнді айқындама және экспорт, импорт елі бойынша бағаларды тіркеу үшін атауы, жеткізу шарттары және басқа ерекшеліктері (түрі,

таңбасы, моделі, салмағы, орама типі) бойынша сипаттамалары әртүрлі 1-2 өкіл тауар іріктеледі, олар жасалатын мәмілелер кезінде баға деңгейіне әсер етеді. Нақты өкіл тауардың сипаттамасы Д бағанында көрсетіледі.

Өкіл тауар өзінің сипаттамасымен Г бағанында реттік нөмірмен нөмірленеді (р/с №). Өкіл тауардың сипаттамасы және нөмірленуі есепті жыл ішінде өзгеріссіз қалады.

5. Экспорт (импорт) үшін 1-бағанда Ел атауын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеуге арналған кодтар жіктеуіші негізінде әзірленген Елдер тізбесіне сәйкес іріктелген өкіл тауардың межелі және (немесе) шығарған (жөнелтуші) елдің коды көрсетіледі.

Сыртқы сауда статистикасында:

1) экспорт кезінде – тауардың соңғы белгілі межелі елі (межелі ел);

2) импорт кезінде – тауардың шығарылған елі серіктес елдер деп саналады.

Тауарлардың импортын есепке алу тауардың шығарылған елі белгісіз болған жағдайда, сондай-ақ шыққан елі ЕАЭО мүше мемлекеттердің бірі болып табылған тауарлар үшін жөнелту елі бойынша жүргізіледі.

6. Шығарылған ел тауар өндірілген елден ерекшеленуі немесе ерекшеленбеуі мүмкін.

Егер өкіл тауар А елінде өндірілген болса, В еліне қандай да бір кәсіпорынға сатылған болса, ал содан кейін импортталатын С еліне жөнелтілген болса, онда шығарылған елі тауардың қай елде өндірілгеніне қарамастан, В елі болып табылады.

Егер өкіл тауар А елінде өндірілген болса және В елінде қандай да бір кәсіпорынға (делдалға) тиелген болса, ал содан кейін импортталатын С еліне жөнелтілген болса, онда шығарылған елі тауар тікелей өндірілген А елі болып есептеледі.

7. 2-бағанда Жеткізу шарттарының жіктеуішіне сәйкес іріктелген өкіл тауарды жеткізу шарттарының коды көрсетіледі.

8. 3-бағанда Валюта және қорлардың жіктеуішіне сәйкес іріктелген өкіл тауар мәмілесінің валютасы көрсетіледі.

9. Сипаттама, межелі, шығарған (жөнелтуші) елі, жеткізу шартының коды, мәміле валютасы (барлық баған немесе солардың бірі) өзгерген кезде өкіл тауар " жаңа" өкіл тауар ретінде ескеріледі. "Жаңа" өкіл тауар дегеніміз бағаны байқау үшін бұрын іріктеп алынбаған, бірақ мәмілені жүзеге асыруда қатысатын өкіл тауарды білдіреді. "Жаңа" өкіл тауарды енгізген кезде сипаттамасы, межелі, шығарған (жөнелтуші) елі, жеткізу шартының коды, мәміле валютасы көрсетіледі және келесі реттік нөмір беріледі.

10. 4-бағанда сатып алу-сату шарты, шот-фактура және басқа төлем құжаттары бойынша өткен айдың 16-шы күнінен есепті айдың 14-і күніне дейінгі

кезеңде тауардың, өнімнің төленген күнінде жүзеге асырылған мәміле бағасы тіркеледі.

Бағалар белгіленген өлшем бірлігіне бүтін сандармен көрсетіледі.

11. 5-баған есептік жылғы қаңтардағы есепте ғана толтыру үшін міндетті. Алдыңғы жылғы желтоқсанға, не алдыңғы айдағы соңғы жеткізілім және (немесе ) түсім бағасы көрсетіледі.

12. 6-баған баға өзгерген жағдайда міндетті түрде толтырылады. Әрбір өкіл тауар бойынша Баға өзгеруі себебінің анықтамалығына сәйкес бір немесе бірнеше себеп көрсетілуі мүмкін.

"Басқа себептер" 99-кодын таңдау кезінде 4-бағанда Баға өзгерісі себебінің анықтамалығына қосылмаған себеп жазылады.

13. Тізбе, Елдер тізбесі, Жеткізу шарттарының жіктеуіші, Валюта және қорлар жіктеуіші, Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) "Респонденттер үшін" бөлімінде орналастырылған немесе статистика органдарымен респонденттерге беріледі.

14. Статистика органдарының сұрауы бойынша алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді беру ережесіне сәйкес қосымша ақпарат (сату-сатып алу шарттары, шот-фактуралары және өзге де бухгалтерлік есепке алу құжаттары) ұсынылады.

15. Респондентте есепті кезеңде осы статистикалық нысан бойынша деректер болмаған жағдайда респондент ағымдағы кезеңнің аяқталатын күнінен кешіктірмей нөлдік көрсеткіштермен статистикалық нысанды (дерексіз нысан) ұсынады.

16. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электронды форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Комитеттің Интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналасқан "Деректерді on-line режимінде жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 137 бұйрығына  
35-қосымша




## 2. Базалық объект және оның орналасқан жері

Базовый объект и его местонахождение \_\_\_\_\_

дүкен, базар, ақылы көрсетілетін қызметтер объектісі  
/ магазин, рынок, объект по платным услугам

Реттік нөмірі Порядковый номер	Тауардың, көрсетілетін қызметтердің коды мен нақты сипаттамасы Код и подробная характеристика товара, услуги	Өлшем бірлігі Единица измерения	Тіркеу сәтіндегі (күні, айы) тауардың, көрсетілетін қызметтің бағасы Цена товара, услуги в момент регистрации (число, месяц)							Ескерту Примечание
			—	—	—	—	—	—	—	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
	Код _____									
	Код _____									
	Код _____									
	Код _____									

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті төрағасының  
2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 137 бұйрығына  
36-қосымша

**"201\_\_ жылы тұтыну тауарлары мен ақылы көрсетілетін қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері" (коды 1153101, индексі Ц-101, кезеңділігі күн сайынғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "201\_\_ жылы тұтыну тауарлары мен ақылы көрсетілетін қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері" (коды 1153101, индексі Ц-101, кезеңділігі күн сайынғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "201\_\_ жылы тұтыну тауарлары мен ақылы көрсетілетін қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері" (коды 1153101, индексі Ц-101, кезеңділігі күн сайынғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

- 1) базалық объект – бағаны тіркеу үшін іріктеп алынған байқау объектісі;
- 2) өкіл тауар (көрсетілетін қызмет) – тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиеттеріне әсер етпейтін болмашы өзгешеліктерімен (бөлшектерімен) ерекшеленетін және өзінің тұтынушылық белгісі жағынан біркелкі тауар тобындағы тауарлардың нақты түрлерінің жиынтығы;
- 3) тауардың, көрсетілетін қызметтің сипаттамасы – бағаны тіркеуге таңдап алынған жеке тауарды, көрсетілетін қызметті сәйкестендіруге арналған ажыратушы қасиеттері, ерекшеліктері;
- 4) тіркеу бағасы – тауардың, көрсетілетін қызметтің нақты түріне, сапасына, сату шарттары және оған анық белгіленген уақыт кезеңіне төленген ақша бірлігінің саны.

3. Статистикалық нысан базалық сауда объектілерінде, көрсетілетін қызмет саласында өкіл тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) бағаларын және тарифтерін статистика органдарының тіркеуіне арналған. Баға ақпараттарын жинау тауарлар (көрсетілетін қызметтер) тікелей өткізілетін орындарда жүргізіледі. Іріктеп алынған базалық объектіде айдың өткен кезеңіндегідей күні (аптаның күнінде) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің нақты түрлеріне бағалар тіркеледі. Ауытқу 1-2 күннен артық болмауы керек.



4. Статистикалық нысанның бірінші бөлімінде реттік саны бойынша базалық объектілердің атауы, олардың орналасқан жері (мекенжайы, телефоны) жазылады, зерттелетін объектіні табу үшін жазылған беттің нөмірі қойылады.

5. Екінші бөлімнің "Базалық объект және оның орналасқан жері" жолында сауда объектісінің, көрсетілетін қызмет саласының толық атауы көрсетіледі.

1-бағанда өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) реттік нөмірі қойылады.

2-бағанда әрбір өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) (атауы, маркасы, дайындаушы ел, моделі немесе модель нөмірі, артикулы, мөлшері, сұрыпы және басқалары) коды мен толық сипаттамасы жазылады.

3-бағанда тіркелетін өкіл тауардың (көрсетілетін қызметтің) нақты өлшем бірлігі (банкадағы, бөтелкедегі, бумадағы, үлестегі тауар саны, жолдаманың толық құны және басқалары) көрсетіледі.

4-9-бағандарда зерттелетін базалық объектідегі нақты мерзімге бағалар тіркеледі.

10-бағанда қосымша мәліметтер немесе тауардың (көрсетілетін қызметтің) қандай да бір түріне қатысты белгілер жазылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 137 бұйрығына  
37-қосымша



**Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді**

Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

**Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны**

Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 37 к приказу

Председателя Комитета

по статистике Министерства

национальной экономики

Республики Казахстан

от " \_\_ " \_\_\_\_\_ 2015 года № \_\_\_\_

Статистикалық нысанды [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтынан алуға болады

Статистическую форму можно получить на сайте [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

**Статистикалық нысан коды**

1163101

Код статистической формы

1163101

Ц-200

Айлық

201\_\_ жылы базарлардағы ауыл шаруашылығы

өнімінің бағасын тіркеу дәптері

Тетрадь регистрации цен на продукцию сельского хозяйства на рынках в 201\_\_ год

Есепті кезең



№ п/ п	Подробная характеристика товара	январь	февраль	март	апрель	май	июнь	июль	август	сентябрь	октябрь	ноябрь	желтс декаб
1													
2													
3													
4													
5													
6													

<b>Жазбалар үшін</b> Для заметок	

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика министрлігінің  
 Статистика комитеті төрағасының  
 2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
 № 137 бұйрығына  
 38-қосымша

**"201\_\_ жылы базарлардағы ауыл шаруашылығы өнімінің бағасын тіркеу дәптері" жүргізу (коды 1163101, индексі Ц-200, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "201\_\_ жылы базарлардағы ауыл шаруашылығы өнімінің бағасын тіркеу дәптерін" жүргізу (коды 1163101, индексі Ц-200, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және "201\_\_ жылы

базарлардағы ауыл шаруашылығы өнімінің бағасын тіркеу дәптерін жүргізу" (коды 1163101, индексі Ц-200 кезеңділігі айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Базарлардағы ауыл шаруашылығы өнімінің бағасын тіркеу статистика органдары әр бір есепті айдың 7 мен 24 күні аралығында, тек қана демалыс күндері жұмыс істейтін базарларда - айдың 2 және 3 аптасында жүзеге асырылады. Түрі мен сапасы бірдей тауарлардың бағасы тіркеледі.

3. "Ауыл шаруашылығы өнімінің түрлері" кестесінде ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік тауарларының байқалатын түрлерінің атаулары жазылады, олардың дәптерде орналасу беттерінің нөмірлері көрсетіледі. Өнімдердің және тауарлардың біркелкі түрлерін олардың топтарына біріктіруге рұқсат етіледі (мысалы, көкөністер, жеміс-жидектер, шошқалар, жемшөп және т.с.).

4. "Тауардың толық сипаттамасы" бағанында байқалатын тауардың өзгеше ерекшеліктері (айрықшалары) беріледі, яғни өнім мен тауар түрінің оны басқалардан ажырата алатындай өнім сұрыпы, жасы, қондылығы сапа сипаттамалары.

Мысалы: антоновка, апорт, лимонка, алмалары, ірі немесе орта көлемді, сүт бағытындағы 3 жастағы қондылығы орташа сиырлар, пішен – түрлі шөпті пішен.

5. "Жазбалар үшін" соңғы бетінде өнім мен тауар түрлерінің сол немесе басқа түрінің бағасын тіркеуге қатысты қажетті қосымша мәлімет жазылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 137 бұйрығына

39-қосымша

Приложение 39 к приказу

Председателя Комитета по статистике

Министерства национальной экономики

Республики Казахстан

от 8 сентября 2015 года

№ 137

**Ескерту. Бұйрық 39-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 29.11.2016 № 281 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді**

Confidentiality is guaranteed by the organs of the state statistics



**Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны**  
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

**Аумақтық статистика органына тапсырылады**

Представляется территориальному органу статистики

**Статистикалық нысанды [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтынан алуға болады**

Статистическую форму можно получить на сайте [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бас көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады**

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы Казахстана "Об административных правонарушениях"

**Статистикалық нысан коды**  
261103008

Код статистической формы 261103008 **Өндірушілердің қойма шаруашылығындағы көрсетілетін қызметтерге бағасы турал**  
Отчет о ценах производителей на услуги складского хозяйства

**1-Ц (қойма)**

1-Ц (склад)

**Тоқсандық**  
Квартальная

**Есепті кезең**  
Отчетный период

**Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші кодына сәйкес қызметінің негізгі немесе қосалқы түрі 52 – Қс бөлімшелері тапсырады**

Представляют попавшие в выборку юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, вспомогательная транспортная деятельность

**Тапсыру мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 5 - күнге (қоса алғанда) дейін**

Срок представления – до 5 числа (включительно) после отчетного периода

**БСН коды**  
код БИН

**1. Сақтауға, қоймалауға көрсетілген қызметтер және ілеспелі көрсетілген қызметтер бағасын өлшем бірлігіне, қосылған құн салығын есепке алусыз теңгемен көрсетіңіз**

Укажите цены на услуги хранения, складирования и сопутствующие услуги, в тенге за единицу измерения, без учета налога на добавленную стоимость.

		Өкіл қызмет	Баға	
--	--	-------------	------	--

Көрсетілетін қызмет түрі Вид услуги	Көрсетілетін қызмет коды Код услуги	Жүк түрі № Вид груза	Услуга-представитель			Цена		Баға өзгерісінің себебі <sup>4</sup> Причина изменения цены
			Өлшем бірлігі Единица измерения	р/с № № п/п	Көрсетілетін қызмет сипаттамасы Характеристика услуги	есепті тоқсандағы отчетного квартала	өткен тоқсандағы предыдущего квартала	
А	Б	В	Г	Д	Е	1	2	3
Жүкті қабылдау-жіберу Прием-отпуск груза								

## Ескертпе

### Примечание

<sup>1</sup> В бағаны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Интернет-ресурсындағы "Респонденттерге" бөлімінде орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Жүк түрлерінің тізбесіне сәйкес толтырылады

<sup>1</sup> Графа В заповняється в соответствии с Перечнем видов грузов, размещенным в разделе "Для респондентов" на Интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан (далее – Комитет) или предоставляемым респондентам органами статистики

<sup>2</sup> Г бағаны Комитеттің Интернет-ресурсындағы "Респонденттерге" бөлімінде орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Өлшем бірліктер тізбесіне сәйкес толтырылады

<sup>2</sup> Графа Г заповняється в соответствии с Перечнем единиц измерения, размещенным в разделе "Для респондентов" на Интернет-ресурсе Комитета или предоставляемым респондентам органами статистики

<sup>3</sup> 2-баған есепті жылдың бірінші тоқсанының есебінде ғана толтырылады

<sup>3</sup> Графа 2 заповняється только в отчете за первый квартал отчетного года

<sup>4</sup> 3-баған баға өзгерген жағдайда Комитеттің Интернет-ресурсында орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығына сәйкес міндетті түрде толтырылады

<sup>4</sup> Графа 3 заповняється в обязательном порядке при изменении цены в соответствии со Справочником причин изменения цены, размещенным на Интернет-ресурсе Комитета или предоставляемым респондентам органами статистики



<b>Атауы</b> Наименование	_____	<b>Мекенжайы</b> Адрес	_____
	_____		_____
	_____		_____
<b>Электрондық пошта мекенжайы</b> <b>(респонденттің)</b>	_____	<b>Телефон</b>	_____
Адрес электронной почты ( _____ респондента)			_____
<b>Алғашқы деректерді жариялауға келісеміз<sup>5</sup></b>	<input type="checkbox"/>	<b>Алғашқы деректерді жариялауға келіспейміз<sup>5</sup></b>	<input type="checkbox"/>
Согласны на опубликование первичных данных <sup>5</sup>		Не согласны на опубликование первичных данных <sup>5</sup>	
<b>Орындаушы</b> Исполнитель	_____	_____	_____
	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)		телефон
<b>Басшы</b> Руководитель	_____	_____	_____
	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)		қолы подпись
<b>Бас бухгалтер</b> Главный бухгалтер	_____	_____	_____
	тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)		қолы подпись

Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Место для печати (при наличии)

### Ескертпе

Примечание

<sup>5</sup> Аталған тармақ Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

<sup>5</sup> Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті төрағасының  
2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 137 бұйрығына  
40-қосымша

**"Өндірушілердің қойма паруашылығындағы көрсетілетін қызметтерге бағасы туралы есеп" (коды 261103008, индексі 1-Ц (қойма),**



## **кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Бұйрық 40-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 29.11.2016 № 281 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы "Өндірушілердің қойма шаруашылығындағы көрсетілетін қызметтерге бағасы туралы есеп" (коды 261103008, индексі 1-Ц (қойма), кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауының бойынша статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Өндірушілердің қойма шаруашылығы көрсететін қызметтерге бағасы туралы есеп" (коды 261103008, индексі 1-Ц (қойма), кезеңділігі тоқсандық) статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Статистикалық нысанды барлық жүк түрлерін сақтау және қоймалау бойынша қызмет (астық қоймалары, белгіленген жалпы мақсаттағы сауда қоймалары, тоңазытқыш қоймалар, бункерлер мен басқа да қоймалар қызметі) көрсететін, сондай-ақ еркін сауда аймағында тауарларды сақтау, қарқынды ауа ағысында өнімді мұздату бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар толтырады.

3. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) өкіл қызмет – көрсетілетін қызметтердің сапасына және негізгі қасиеттеріне әсер етпейтін, бір-бірінен болмашы өзгешеліктерімен ерекшеленетін және өзінің тұтынушылық мақсаты жағынан біркелкі қызмет тобындағы белгілі тауарлар жиынтығы;

2) сипаттама – бағаны тіркеу үшін іріктелген жеке қызмет түрін бірдейлендіру үшін қолданылатын суреттеме немесе сипаттамалар тізімі;

4. Бағаларды байқау іріктеп алынған жүк түрлерін сақтау және қоймалау бойынша нақты өкіл қызметтер бойынша және кәсіпорын айналымында ең көп үлесті алатын және жыл ішінде өзгермеген сипаттамаға ие ілеспе көрсетілетін қызметтер бойынша жүргізіледі.

5. Көрсетілетін қызметтің бір түрі бойынша (А бағаны) байқау үшін жекелеген жолдар бойынша енгізілетін, жүк түріне немесе олардың ерекшеліктеріне (сипаттамаларына) байланысты бір немесе бірнеше өкіл қызмет іріктеледі.

6. "Жүк түрі" В бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Интернет-ресурсында

орналастырылған немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Жүк түрлерінің тізбесіне сәйкес жүк атауы енгізіледі.

7. Г бағанында - іріктелген өкіл қызметтің өлшем бірлігі, Д бағанында өкіл қызметтің реттік нөмірі көрсетіледі, ал Е бағанында оның сипаттамасы тіркеледі.

8. Г бағаны Комитеттің Интернет-ресурсында орналасқан немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын 1-Ц (қойма) нысанына арналған Өлшем бірліктер тізбесіне сәйкес толтырылады.

9. "Көрсетілетін қызмет сипаттамасы" Е бағанында өкіл қызмет бағасын анықтайтын сипаттама міндетті түрде енгізіледі. Мысалы, сақтау қызметі үшін – бұл сақтау түрі (ашық, жабық, едендік, сөрелі, температуралық режимді немесе басқа да ерекше жағдайымен үй-жай, контейнерлік алаң), орау немесе қорамы бар, көлем немесе көлем (өлшем) бірлігі, келісім шарт түрі (қарапайым жалдау, жауапты сақтау), кедендік қоймаға сақтау және өзге де қызметтер. Өкіл қызмет бағаны тіркеу кезінде келесі есепті кезеңге көрсетілетін қызметті орындау сапасының толық салыстырмалығы қамтамасыз етілетіндей сипатталады.

Іріктелген көрсетілетін өкіл қызметтер, олардың сипатамалары және нөмірленуі жыл бойы өзгеріссіз қалады.

10. Баға деңгейіне әсер ететін сипаттама елеулі өзгерген кезде өкіл қызмет " жаңа" болып есептеледі. "Жаңа" деп бағалық байқау үшін бұдан бұрын іріктелмеген, бірақ кәсіпорынмен көрсетілетін немесе оның өндірісі енді басталған өкіл қызмет түсініледі. "Жаңа" өкіл қызмет бойынша сипаттамасы көрсетіледі және оған соңғыдан кейінгі реттік нөмірі беріледі.

11. "Өзгелері" жолы бойынша аталмаған басқа көрсетілетін қызмет түрлері бойынша деректер көрсетіледі (мысалы, сақтаудан басқа, жауапты сақтау шарты, кезінде шартқа енгізілген қосымша қызметтер көрсетілуі мүмкін.

12. 1-бағанда сақтау және қоймалау бойынша көрсетілетін қызметтің барлық кешені бойынша тұтынушымен жасасқан немесе есепті тоқсанда қолданысын жалғастырып жатқан нақты шартқа сәйкес бағалары көрсетіледі.

2-баған ағымдағы жылғы 1 тоқсанда ғана толтырылады. Онда өткен жылғы соңғы көрсетілген қызмет бағасы көрсетіледі.

13. Баға қосылған құн салығынсыз теңгемен, бүгін сандармен көрсетіледі.

14. 3-баған баға өзгерген жағдайда Комитеттің Интернет-ресурсында орналастырылған немесе респонденттерге статистика органдары ұсынатын Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығына сәйкес толтырылады.

Әрбір өкіл-қызмет бойынша бағаның өзгеру себептерінің бір немесе бірнеше кодын көрсетуге болады. "Басқа да себептер" кодын таңдаған кезде Баға өзгерісі себептерінің анықтамалығында көрсетілмеген себеп жазылу тиіс.

15. Респондентте есепті кезеңде осы статистикалық нысан бойынша деректер болмаған жағдайда респондент ағымдағы кезеңнің аяқталатын күнінен

кешіктірмей нөлдік көрсеткіштермен статистикалық нысанды (дерексіз нысан) ұсынады .

16. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электронды форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Комитеттің Интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналасқан "Деректерді on-line режимінде жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

17. Арифметикалық-логикалық бақылау

1) 1 немесе 2-бағандар бойынша деректер болған жағдайда, есепті тоқсандағы А, Б, В, Г, Д және Е бағандарының деректері өткен тоқсандағы А, Б, В, Г, Д және Е бағандарының деректеріне тең.

2) есепті жылғы 1 тоқсандағы нысанда 2 бағанды толтыру міндетті болып табылады.